**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Қабылдау комиссиясының төрағасы
____________________ А.Жүдебаев
(Ғылыми кеңестің 30.04.2026 жылғы отырысының №10 хаттама шешімі)

# 7М02195 – ӨНЕРТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы
2026 ж.

**1. ӘЗІРЛЕНДІ**

Еркебай А.С. – өнертану кандидаты, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, профессоры

**2. ТАЛҚЫЛАНДЫ**

«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының отырысы
«06» 04. 2026 ж. Хаттама № 9

«Театр өнерінің тарихы мен теориясы»
Кафедрасының меңгерушісі ____________________ А.С.Еркебай

**3. КЕЛІСІЛДІ**

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор ____________________ Қ.З.Халықов

Ғылыми кадрларды
Даярлау бөлімінің басшысы ____________________ А.А.Кульшанова

Магистратураның арнайы пәні бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.

«Өнертану» БББ /театртану/ магистратурасына түсуге **келесі бағыттар** бойынша білім алған тұлғалар жіберіледі:

В024 Өнертану (6В02195 Театртану)
В027 Театр өнері (6В02192 Режиссура (театр режиссурасы)
6В02192 Актерлік өнер)

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

7M02195 «Өнертану» / Театртану (ғылыми-педагогикалық бағыт)

I. **Магистратураға тапсырушының хабары болуы керек**:

Магистратураға түсуші театртану, өнер тарихы мен теориясы саласында іргелі дайындыққа ие болуы, ғылыми талдау мен академиялық жазудың заманауи әдістерін меңгеруі, зерттеушілік және педагогикалық қызмет дағдыларын игеруі тиіс.

**Білуі тиіс:**

– әлемдік және отандық театр өнерінің тарихы мен теориясын, театр үдерісінің даму заңдылықтарын;

– өнертану және театртану зерттеулерінің заманауи әдіснамалық тәсілдерін;

– ғылыми-зерттеу қызметі мен академиялық жазудың негіздерін;

– өнер және мәдениет саласындағы білім беру үдерісін ұйымдастыру қағидаттарын.

**Меңгеруі тиіс:**

– театр өнері құбылыстарын заманауи ғылыми әдістер негізінде талдау мен интерпретациялауды;

– театр өнерінің дамуындағы өзекті үрдістерді анықтауды;

– ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу мен жүзеге асыруды;

– білім беру қызметінде педагогикалық технологияларды қолдануды.

**Дағдылары болуы тиіс:**

– ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми жарияланымдар дайындау;

– ғылыми дереккөздермен және мұрағаттық материалдармен жұмыс істеу;

– ғылыми конференциялар мен ғылыми-шығармашылық жобаларға қатысу;

– театртану және өнертану бағытындағы пәндерді оқыту.

**Құзыретті болуы тиіс:**

– заманауи театр өнері үдерістерін ғылыми талдау және сыни бағалау саласында;

– дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруда;

– білім беру және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда;

– ғылыми және педагогикалық қызметте заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда;

– театр қайраткерлерімен және шығармашылық ұжымдармен кәсіби қарым-қатынас орнатуда.

**II. Қабылдау емтиханына мыналар кіреді:**

– жазбаша эссе;

– реферат қорғау (реферат «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының базалық пәндер кешені пәнаралық негізде құрылып ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша алдын ала орындалады).

## 2. ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Қазақстанның қазіргі драма театрларындағы музыка
2. Қазіргі Қазақстан театрларындағы өнер түрлерінің синтезі.
3. Қазіргі театр өнерінің дамуындағы фестиваль қозғалысының ролі
4. Қазақстандық тәуелсіз театрларының даму тенденциялары.
5. Иммерсивті театрдағы көрермен мен сахналық әрекеттің байланысы.
6. Қазақ театрларының шетелдік режиссерлермен мәдени байланысы
7. Қазіргі Қазақстан режиссурасындағы форма ізденісі
8. Сахналық кеңістікті ұйымдастырудағы визуалдық шешімдердің ролі
9. Қазіргі режиссерлердің актерлермен жұмыс жасау принциптері
10. Заманауи театртанудағы спектакльді талдаудың жаңа әдістері
11. Қазіргі ұлттық режиссурадағы дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы
12. Қазақ театрындағы ұлттық код пен заманауи сахналық тіл
13. Театр өнеріндегі перформативтік тәжірибелердің даму ерекшеліктері
14. Қазіргі театрдағы дене семиотикасы және актер пластикасы
15. Театр сыны және оның көркемдік процесті қалыптастырудағы ролі
16. Бүгінгі қазақ театрларындағы инсценировка мәселелері
17. Қазақ ұлттық классикасының заманауи сахналық интерпретациясы
18. Қазақстандағы театр менеджменті және оны дамытудың жолдары
19. Қазіргі қуыршақ театрларының даму тенденциясы
20. Пластикалық қойылымдардағы режиссерлік қолтаңба

## 3. РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Қазақ актерлік өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығының көркемдік ерекшеліктері.
2. Әлемдік драматургиядағы жаңа бағыттардың қазіргі қазақ драматургиясының дамуына ықпалы.
3. Әлемдік театр өнеріндегі инновациялық үдерістердің қазақ театрының дамуына әсері.
4. Қазіргі Орталық Азия драматургиясындағы қаһарман концепциясының көркемдік интерпретациясы.
5. Қазіргі қазақ драматургиясындағы әлеуметтік мәселелердің көркемдік

бейнеленуі.

6. Заманауи қазақ театрындағы актердің сахналық өмір сүру тәсілдерінің эволюциясы.
7. Қазақ театрларындағы ұлттық кодтың сахналық трансформациясы және оның көркемдік ерекшеліктері.
8. Қазақ музыкалық-драма театрларының қазіргі даму үрдістері мен болашақ перспективалары.
9. Қуыршақ театрларындағы режиссура мен актерлік өнердің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері.
10. Қазақ театр өнерінде цифрлық және мультимедиялық технологияларды қолданудың көркемдік мүмкіндіктері.
11. Театр өнерінде кино тілінің элементтерін қолданудың шығармашылық және эстетикалық мәселелері.
12. Қазақстандағы тәуелсіз театрлардың қалыптасуы мен даму ерекшеліктері.
13. Қазақстандағы театр фестивальдерінің заманауи театр үдерісін дамытудағы рөлі.
14. Қазақстан театр өнеріндегі менеджмент пен маркетингтің қалыптасуы және даму тенденциялары.
15. Театр өнерін басқарудың заманауи модельдері және олардың Қазақстан мәдени кеңістігіндегі қолданылуы.

***Ұсынылатын әдебиеттер***

**1.** Барбой Ю. М. К теории театра. СПГАТИ, 2008

**2.** Без цензуры: молодая театральная режиссура XXI века. СПб.: Петербургский театральный журнал, 2016

**3.** Бентли Э. Жизнь драмы. М. : Симпозиум, 2004. – 416 с.

**4.** Брук П. Пустое пространство. Секретов нет. М., 2003 3. Гротовский Е. От бедного театра к искусству-проводнику. М., 2003

**5.** Введение в театроведение. Коллективная монография. СПбГАТИ, 2011

**6.** Владимиров С. В. Действие в драме. 2-е изд. доп. СПб.: Издательство СПбГАТИ, 2007. – 192 с.

**7.** Годер Д. Художники, визионеры, циркачи: Очерки визуального театра. М.: НЛО, 2012

**8.** Громова М. Русская драматургия конца XX – начала XXI века. М.: Флинта, 2009. – 460 с.

**9.** Давыдова М. Конец театральной эпохи. М., 2005

**10.** Зингерман Б.И. Очерки истории драмы XX века: Чехов, Стриндберг, Ибсен, Метерлинк, Пиранделло, Брехт, Гауптман, Лорка, Ануй. М.: Наука, 1979. – 392 с.

**11.** Костелянец Б.О. Драма и действие: Лекции по теории драмы. М.: Совпадение, 2007, 502 с.

**12.** Леман Х-Т. Постдраматический театр. М.: ABCdesign, 2013. – 312 с.

**13.** Маркова Е.В. Пантомимический дневник. СПб.: Деан, 2017

**14.** Семинар по театральной критике. Коллективная монография. СПбГАТИ, 2013

**15.** Павис П. Словарь театра. М., 2003 19. Руднев В. П. Словарь культуры XX века. М., 1999

**16.** Таршис Н. А. Музыка драматического спектакля. СПГАТИ, 2010

**17.** Фишер-Лихте Э. Эстетика перформативности. М., 2015 26. Хейзинга Й. Homo ludens. М., 1992